

## **Француз тілі пәні бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест спецификациясы**

**Тест мақсаты:** Жоғары оқу орындарына қабылдау мақсатында түсушілердің дайындық деңгейлерін анықтау.

**Тест міндесі:** Жоғары оқу орындарында білім алуды жалғастыру үшін француз тілінен білімді менгеру деңгейін бағалау.

### **Тест мазмұны:**

<b>№</b>	<b>Бөлім</b>	<b>№</b>	<b>Тақырып</b>
01	Лексика, фонетика	01	Синонимдер, антонимдер, лексикалық бірліктердің үйлесімділігі, көпмағыналы сөздер
02	Морфология	02	Етістік
		03	Сын есім
		04	Зат есім
		05	Қызыметтік сөз таптары
		06	Сан есім
		07	Есімдік
		08	Үстеу
03	Синтаксис	09	Сөйлем
04	Синтез және талдау	10	Сөйлеу нормаларымен жұмыс
05	Оқылым	11	Мәтінмен жұмыс

### **Тесттегі тест тапсырмаларының саны:**

Тест француз тілі пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 25 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 5 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 1 контекст;
- 5 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 5 сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары бар.

Тест тапсырмалары түсушілердің француз тілінен білімін, біліктілігі мен дағдыларын, игерген білімдерін өмірлік жағдайларда пайдалану құзыреттілігін тексеруге бағытталған.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша құрделену ретімен орналасқан.

**Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қындығы:** тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (A) – 50 %, орташа деңгейде В – 30 %, жоғары деңгейде С – 20 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары негұрлым құрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың құрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, құрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** тест тапсырмасының орындалу уақытының орташа ұзактығы – 1,5-2 минутты, жалпы тестті орындау уақыты – 70 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

**Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БФМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бүйробымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру үйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».